



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 8 желтоқсандағы  
№ 16-13-75Д/С тапсырмаға

**Құрметті депутаттар!**

«Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» (Серпін) жобасының (бұдан әрі – «Серпін» жобасы) іске асырылуына қатысты депутаттық сауалдарыңызға қатысты мынаны хабарлаймыз.

«Серпін» жобасының міндеттері мен бағыттарын жүйелеу және жетілдіру туралы

Көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттеріне сәйкес іске асырылуына мониторингі негізінде «Серпін» жобасы үнемі жетілдірілуде.

2022 жылдан бастап қатысушыларға барлық еңбек тапшылығы бар өңірлерде (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Абай, Ұлытау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары), мемлекеттік және жеке ұйымдарда жұмыс істеуге мүмкіндік берілген, оқу кезеңіне сәйкес жұмыспен өтеу айқындалған, жұмыс істеген уақытын есепке алу қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта Көші-қон саясатының тұжырымдамасына<sup>1</sup> сәйкес жұмыс беруші растаған жұмысқа орналасу фактісі болған кезде жаңадан орналасатын жердегі тұрғын үй құнының 50 %-ы мөлшерінде қаржылық көмек алуға құқығы бар қоныс аударушылар үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілетін болады. Аталған қаражатты тұрғын үй салуға немесе сатып алуға, «Отбасы банк» АҚ-ға бастапқы жарна енгізуге бағытталуы мүмкін.

Сондай-ақ Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде көшіру қағидаларында<sup>2</sup> жұмыс беруші жұмыскерлерге тұрғын үй-жай беретін жағдайларды қоспағанда, қоныс аударатын адамдарға қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханаларда бөлмелер беру көзделген.

«Серпін» жобасы бойынша екі жылдық жұмыспен өтеу мерзімін аяқтаған жас мамандар (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 қаулысымен бекітілген

<sup>2</sup> Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген

әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне) «Дипломмен – ауылға»<sup>3</sup> бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік көмек ала алады, онда 100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит төлеу түріндегі қолдау ретіндегі әлеуметтік шаралар көзделген.

Бұдан басқа, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын<sup>4</sup> іске асыру шеңберінде «Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту мақсатында 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген бюджеттік кредит (1500 АЕК-тен 2500 АЕК-ке дейін аудан орталықтары үшін және 2000 АЕК-ке дейін – қалған ауылдық елді мекендер үшін<sup>5</sup>) мөлшері ұлғайтылатын болады. 2024 жылы 3,6 мыңнан астам маманға 30 млрд теңгеге бюджеттік кредит беру жоспарлануда.

Қолданыстағы бағдарламаларды жүйелеу мақсатында «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп несиелеудің жеңілдікті шарттары бар жастар үшін бірыңғай тұрғын үй бағдарламасын іске асыру мәселесі пысықталуда.

Аталған шаралар «Серпін» жобасын іске асырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

*Жұмыс күші тапшы өңірлердің өндірістік ерекшелігіне байланысты жаңа бағыттарды енгізуге қатысты*

Қазіргі уақытта 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру гранттары бөлінетін дайындық бағыттарының тізбесін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бұдан басқа, әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін техникалық мамандықтары бар мамандарды «Дипломмен – ауылға» жобасына қосу мәселесі қарастырылатын болады.

Жаңа кәсіптердің өңірлік атласын әзірлеу үшін жоғары оқу орындарының жобалау офистері базасында «Мамандығым – болашағым» жобасы іске асырылады. Осылайша 2023 жылы 200 жаңа кәсіпті айқындау және 440 білім беру бағдарламасын жаңарту арқылы 4 өңірлік карта (*Маңғыстау, Қарағанды облыстарында, Астана және Алматы қалаларында*) әзірленді. Осыған ұқсас жұмыстар тағы 9 өңірде басталды.

Сондай-ақ электрондық еңбек биржасы арқылы іске асырылуын мониторингтеу үшін «Серпін», «Дипломмен – ауылға» жобаларын өңірлік жұмыспен қамту карталарына енгізу мәселесі пысықталуда.

Сонымен қатар еңбек тапшылығы бар өңірлерден жастардың кетуін азайту шаралары шеңберінде өңірлік жоғары оқу орындарын дамыту және нығайту, олардың базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні еңбек тапшылығы бар өңірлерде 7 филиал (*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің базасында Аризона университеті (АҚШ), С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында Губкин атындағы Ресей мұнай және газ*

<sup>3</sup> Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен бекітілген

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысымен бекітілген

<sup>5</sup> Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 126 бұйрығымен бекітілге

университеті,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында Хериот-Уотт университеті (Шотландия), Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің базасында «Лу Бань шеберханасы» (Қытай)) жұмыс істейді.

Осылайша қабылданып жатқан шаралар еңбек тапшылығы бар өңірлерді жас мамандармен қамтамасыз етуге, оның ішінде оларды жұмысқа орналастыруға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге оң әсер етуге тиіс.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Ә. Смайылов**